

Қайтарымсыз негіздегі күрделі қосылымдарды қаржыландырудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығымен бекітілген 1998 жылғы 9 наурыз N 104 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 наурыз N 494 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 6 шілдедегі N 298 бұйрығымен. (Бұйрықтың үзіндісін төменнен қараңыз)

РҚАО-ның ескертуі: Бұйрықтан үзінді қазақша аудармасы болмағандықтан орысша мәтінде беріліп отыр.

Извлечение из приказа Министерства финансов
Республики Казахстан от 6 июня 2001г. N 298

О признании утратившим силу
приказа Министерства финансов
Республики Казахстан

В связи с принятием постановления Правительства Республики Казахстан от 6 ноября 2000 года N 1675 "Об утверждении Правил финансирования республиканских и местных бюджетных программ, выполняемых в рамках государственного заказа", приказываю:

1. Признать утратившим силу приказ Министерства финансов Республики Казахстан от 9 марта 1998 года N 104 "О порядке финансирования капитальных вложений на безвозвратной основе".

Министр" -----

Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын күрделі қосылымдардың, жобалау-іздістіру жұмыстарының және мемлекеттік геологиялық зерделеу мен жер қойнауын қорғау жөніндегі шығыстардың қаржыландырылуын қамтамасыз ету мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қайтарымсыз негізде мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен

күрделі қосылымдарды қаржыландырудың ұсынылып отырған Уақытша тәртібі бекітілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге орталық және жергілікті өкілетті және атқару органдары және басқа да ұйымдар, қазынашылықтың аймақтық органдары құрылыстар мен объектілердің қаржыландырылуын жүзеге асырған кезде осы Уақытша тәртіпті басшылыққа алсын.

Министр

Қайтарымсыз негізде мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен
күрделі қосылымдарды қаржыландырудың Уақытша
Тәртібі

1. Осы тәртіп қайтарымсыз негізде мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен күрделі қосылымдарды қаржыландырудың (әрі қарай - өтемсіз бюджеттік қаржыландыру) тетігін белгілейді.

2. Күрделі қосылымдарды қаржыландырудың лимиттерін ашуды республикалық бюджет бойынша - қолданылып жүрген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті, жергілікті бюджет бойынша - тиісті қаржылық орган жүргізеді. Бұл орайда бөлу құжаттары (NN 1,2,2,-a1-МБЗ, 1-МБР нысандары) объектілердің тізілімімен бірге беріледі.

3. Өтемсіз бюджеттік қаржыландырудың қаражатын лимиттердің бас басқарушылары (әрі қарай - тапсырысшы) республикалық бюджет бойынша - Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті бюджет бойынша - жергілікті атқару органдарының шешімдері негізінде тиісті бюджеттерден бөледі.

4. Күрделі қосылымды өтемсіз бюджеттік қаржыландыру тиісті бюджеттерге қаражаттардың түсуіне қарай функционалдық топтарға, мекемелерге, бағдарламаларға, ішкі бағдарламаларға және экономикалық сыныптаманың ерекшеліктеріне жіктеліп айларға бөлінген қаржылық жылға арналған бекітілген тізімнің негізінде жүзеге асырылады.

5. Өтемсіз бюджеттік қаржыландыру есебінен күрделі қосылымдар бойынша шығыстарды жүзеге асыру үшін тапсырысшылар аймақтық қазынашылық

органдарына мыналарды тапсырады:

- әрбір объект бойынша оларға белгіленген қаржыландыру көлемдеріне сәйкес (7-нысан) ағымдағы жылға арналған күрделі құрылыстың жоспарын;
- жаңадан басталатын құрылыстардың атаулы тізімін;
- ауыспалы құрылыстардың ішкі құрылыстық атаулы тізімін;
- жобалауға, салуға немесе құрылыстар үшін жабдықтар беруге арналған шарттардың (келісім-шарттардың) көшірмелері (оларға қосымша келісімдер);
- құрылыс құнының жиынтық сметалық есебінің көшірмесі.

6. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жобалау-іздістіру жұмыстарына ақы төлеу жөніндегі шығыстарды жүзеге асыру үшін ("Жобалау" 30 бағдарламасы, "Үлгілік жобалауға арналған күрделі трансферттер" 463 экономикалық сыныптау ерекшелігі) аймақтық қазынашылық органдарына жалпы республикалық маңызы бар жобалау-іздістіру жұмыстарының тізбесі негізінде жасалған, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Энергетика, өнеркәсіп және сауда министрлігі бекіткен тізбенің негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген шешімдерінің негізінде жасалған шарттар (келісім-шарттар) тапсырылады.

7. Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен күрделі қосылымдарға ақы төлеу жөніндегі шығыстарды жүзеге асыру үшін аймақтық қазынашылық органдарына тиісті қаржылық органмен келісілген шарттар (келісім-шарттар) тапсырылады.

8. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен мемлекеттік геологиялық зерделеу мен жер қойнауын қорғау жөніндегі жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі шығыстарды жүзеге асыру үшін ("Мемлекеттік геологиялық-зерделеу мен жер қойнауын қорғау" 27 бағдарлама, "материалдық емес активтерді сатып алу" 452 экономикалық сыныптама ерекшелігі) аймақтық қазынашылық органдарына, қаражаттардың лимиті (N 7-ГР және N 5-ГР нысандары бойынша) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 7.05.96 ж. N 571 қаулысына сәйкес жұмыстардың бағыттары бойынша бөлінген, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті бекіткен, объектілер бойынша жоспарлар тапсырылады.

9. Құрылысты салу кезеңіне жасалған шарт (келісім-шарт) тапсырысшы мен мердігер ұйымдар арасында есеп айырысу үшін негізгі құжат болып саналады. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын объектілерді салу жөніндегі шығындардың қымбаттауы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы шешімімен, жергілікті бюджеттен - жергілікті атқару органының шешімі бойынша жобаларды Мемлекеттік ведомостводан тыс сараптаудың қорытындысы негізінде шешіледі. Бұл жағдайда аймақтық қазынашылық органдарына тапсырысшы 5-тармақта аталған тізбе бойынша атаулы құжаттар

тапсырады.

10. Әрбір объект бойынша күрделі қосылымдар жөнінде қаржыландырудың және төлемдердің жүзеге асырылуын бақылау үшін аймақтық қазынашылық органдарында бөлінген қаржыландыру лимиттерін және солардың есебінен жүргізілген күрделі қосылымдардың шығыстарын есептеу үшін жеке шот жүргізіледі.

11. Шығыс операцияларын жүзеге асыру аймақтық қазынашылық органдары арқылы төлем қағазының және шарттың (келісім-шарттың) ережелеріне сәйкес бұрын берілген аванстардың ұсталуын ескере отырып, тапсырысшы мен мердігер қол қойған, орындалған жұмыс актілерінің негізінде жүргізіледі.

Мердігерлік ұйымға құрылыс материалдарын дайындау үшін аванс беруге, егер мұндай аванс шартта (келісім-шартта) көзделген болса, жылдық көлемнің (кейін оны орындалған жұмыстардың ақысына қоса отырып) 20 процентінен аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі. Аванс мөлшерінің ұлғайтылуы республикалық бюджет бойынша - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, жергілікті бюджет бойынша - тиісті қаржылық органмен келісіледі.

Жыл басына дейін жинақталған ауыспалы объектілер бойынша орындалған жұмыстар үшін несиелік берешек ағымдағы жылдағы күрделі қосылымдарды қаржыландырудың тапсырысшыға ашылған лимиттері есебінен төленеді.

12. Мердігерлік ұйымның жазбаша өтініші бойынша тапсырысшы орындалған құрылыс-монтаж жұмыстары және қосалқы мердігерлік ұйым орындаған жұмыстар мен шығыстар үшін оған саналатын сомадан ақы төлеуге құқылы.

13. Шетелдік мердігерлік ұйымдармен есеп айырысу үшін шығыс операциялары жалпы белгіленген тәртіппен теңгені шетелдік валютаға алмастыру арқылы жүргізіледі.

14. Айрықша жағдайларда есеп айырысу операцияларын жүзеге асыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес таңдап алынатын агент-банктер арқылы жүргізіледі.

Мұндай жағдайда агент-банк, лимиттердің бас басқарушысы мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арасында агенттік келісім жасалынады.

15. Орындалған жұмыстар үшін мердігермен есеп айырысу тапсырысшының агент-банкте ашылған арнаулы шоты арқылы жүзеге асырылады. Бұл орайда ақшаны тапсырысшының бюджеттік шотынан оның арнаулы шотына аударуға рұқсат етіледі. Ақшалардың мақсатты пайдаланылуы үшін агент-банк жауап береді, бұл агенттік келісімде айтылуға тиісті.

Қаржылық жылдың аяғында арнаулы шоттағы қаражаттың қалдығы тапсырысшының бюджеттік шотына міндетті түрде қайтаруға жатады.

16. Құрылыс, жалпы объект бойынша жұмыстардың ақысын төлеу келісімді бағаның 95 проценті шамасында жүргізіледі. Тапсырысшы мен мердігердің арасында орындалған жұмыстар үшін біржола есеп айырысу құрылыс аяқталып, аймақтық қазынашылық органдарына мемлекеттік немесе жұмыс комиссиясының оның пайдалануға берілгені туралы акті іс тапсырылған соң жүргізіледі.

17. Күрделі қосылымдар жөнінде бөлінген лимиттердің мақсатты пайдаланылуына бақылауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитетінің органдары жүзеге асырады. Бөлінген қаражаттың мақсатсыз пайдаланылған фактілері ашылған жағдайда кінәлілер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

Қайтарымсыз негізде

мемлекеттік бюджеттің есебінен күрделі
қосылымдарды қаржыландырудың тәртібіне
N 1 - қосымша

Күрделі құрылыс объектілерін

қаржыландырудың
ТІЗІЛІМІ

Рұқсат үшін N _____
Уақыты _____

Бюджеттік сыныптаманың коды: _____

Объектінің	Жылға	Алдын ала	Ағымдағы	Жыл	Ескерту	
атауы	арналған	рұқсат	рұқсат	басындағы		

	жоспарлы		рұқсат	
	рұқсат			
1	2	3	4	5
Барлығы				

Тізілім (парақтардың саны цифрлармен және жазбаша көрсетілсін) парақта жазылды, 5 бағананың жалпы сомасы (сома цифрлармен және жазбаша көрсетілсін)

Арнаулы нұсқаулар:

Жауапты атқарушы _____
(қолы)

Қазынашылық органдарының
(жергілікті бюджеттер бойынша - қаржы органдардың)
бюджетін (республикалық, жергілікті)
қаржыландыру басқармасының
(бөлімінің) бастығы _____
(қолы)

ОҚЫҒАНДАР:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж,

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК